



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№05 (175), МАУСЫМ, 2024



АРДАҚТЫ АРДАГЕРІМІЗ 90 ЖАСТА

«Ленин», «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Қазақстан Республикасының жер қойнауының құрметті барлаушысы, Ақтау қаласының және Қарақия ауданының Құрметті азаматы Жолдас Тоқжанов ағамыз биыл 90 жасқа шықты.

Жолдас ағамыздың еңбек жолы 1953 жылы Атырау қаласындағы кәсіптік-техникалық училищені бітіріп, бұрғылаушы болып жұмысқа орналасуынан басталды.

1958 жылы Жолдас Тоқжанов Маңғыстауға «Маңғышлақмұнайгаз-разведка» тресінің 40 бұрғышысының қатарында қызметке келеді. 1961 жылы 5 шілде күні Жетібай кен орнының №6 ұңғысынан мұнайдың алғашқы қуатты ағыны шықты. Маңғыстаудың мол мұнайын әйгілеген осы ұңғының басында қызмет еткен алғашқы ашушылар бригадасының құрамында бұрғышы Жолдас ағамыз да болды.

Бүкіл өмірін мұнай кәсібіндегі қызметке арнаған Жолдас Тоқжанов 1998 жылы зейнеткерлікке шықты. Содан бері мұнай саласының ардагері ретінде Жолдас аға «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамымен байланысын бір үзбеді. Компаниямызда ұйымдастырылатын үлкенді-кішілі шараларға қатысып, өнегелі еңбек жолында жинақтаған тәжірибесі мен білімін кейінгі буын мұнайшылар мен жастарға жеткізуден жалыққан емес.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы атақты ақсақалымыз Жолдас Тоқжановты мерейлі 90 жасымен компания бас офисінің ғимаратында салтанатпен құттықтады.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Мұрат

Кеңесбайұлы Мұстафаев Жолдас ағамызды құттықтап, иығына шапан жапты. Мұрат Кеңесбайұлы өзінің сөзінде:

- Құрметті Жолдас Тоқжанұлы, компания басқармасы мен еңбек ұжымы атынан Сізді шын жүректен 90 жасыңызбен құттықтаймын! Ерен еңбегімен қазыналы түбегімізді түлетіп Еліміздің дамуына баға жетпес үлесін қосқан өзіңіз сияқты аға буын мұнайшыларымызды әрдайым мақтан етеміз. Сізге шын көңілімізбен мықты денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз! Абыройыңыз асқақтай берсін! – деді.

Сонымен қатар, мерейлі салтанатты жиынға қатысқан мұнайшы-ардагерлеріміз Сағын Қырымқұлов, Мұратбай Жақсығатов, Ағой Раушанов, Бөгенбай Қожықов, Тұрарбек Ахметов ағаларымыз бен компания қызметкерлері даңқты ардагерімізді мерейлі жасымен құттықтап ізгі тілектерін жеткізіп жатты.

Мұнай саласын таңдаған жас мұнайшылармен, студенттермен кездескенде «Жақсы, адал еңбек етіндер, тек осылай ғана елімізді гүлдендіреміз. Тәртіп, білім мен білім Отанымызды барлық қиыншылықтардан қорғауға мүмкіндік береді» - деп үнемі айтып жүретін ардақты ақсақалымыз Жолдас Тоқжанұлы ағамызды біз де мерейлі 90 жасымен құттықтай отырып, мол денсаулық, бақыт пен береке тілейміз!



ВСТРЕЧА КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕРОВ КМГ

23 мая в АО «Мангистаумунай-газ» состоялся семинар по обсуждению ключевых аспектов антикоррупционной деятельности в группе «КазМунайГаз», организованный Службой комплаенс КМГ.

В мероприятии приняли участие комплаенс-офицеры корпоративного центра и дочерних компаний КМГ, а также представители департамента Агентства РК по противодействию коррупции по Мангистауской области и Службы превенции данного республиканского агентства.

Участники встречи ознакомились с передовыми методиками и подходами в области комплаенс, обсудить актуальные вопросы внедрения механизмов профилактики коррупции и эффективного регулирования конфликтов интересов. Особое внимание уделено теме повышения профессионализма



комплаенс-офицеров и предотвращению комплаенс-рисков в группе «КазМунайГаз».

Семинар позволил повысить уровень осведомленности и готовности

работников служб комплаенс к эффективной деятельности в условиях постоянно меняющейся бизнес-среды.

В целом, подобные мероприятия представляют особую важность для

продвижения принципов прозрачности и ответственности в деятельности КМГ, а также способствуют формированию эффективной системы внутреннего контроля и управления рисками.

www.kmg.kz

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ – СЕМИНАРЫ

28-ші мамыр күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас кеңсесінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар (су тасқыны, жер сілкінісі, апаттар, дүлей зілзалалар, авариялардың алдын алу) кезінде азаматтық қорғау және қорғаныс жөніндегі қызметкерлерді хабардар ету үшін, Азаматтық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және орындау бойынша білім мен дағдыларды игеру мақсатында семинар өтті.

Аталған шараны Маңғыстау облысы бойынша төтенше жағдай департаменті азаматтық қорғау бөлімінің мамандары компаниямыздың Азаматтық қорғау және төтенше жағдай тобының қызметкерлерімен бірлесіп өткізді.

Семинар тақырыбы төтенше жағдайдың туындау ықтималын азайтуға, сондай-ақ қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға, материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған.

Төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдарды әзірлікте ұстауға (су тасқыны, жер сілкінісі, апаттар, дүлей зілзалалар, авариялардың алдын алуға) бағытталған ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық мәселелер талқыланды, жаднама, плакаттар таратылды және осы семинарға байланысты бейнероликтер көрсетілді, Мамандар семинар тыңдаушыларына алғашқы көмектің тәсілдерін арнайы мұляж қолдану арқылы көрсетті.

Судағы қауіпсіздіктің негізгі ережелерін еске салды:

- 1) балаларға ересектердің қарауынсыз суға кіруге болмайды;
- 2) балаларды қараусыз қалдыруға болмайды;
- 3) су айдындарының жабдықталмаған учаскелерінде және «Суға түсуге тыйым салынады» белгілері белгіленген жерлерде шомылуға болмайды;
- 4) Алкогольді және есірткіге мас күйде шомылуға болмайды.

Жер сілкінісі кезіндегі 10 қарапайым қадам:

- 1) Үрейленбей, Сабыр сақтаңыз;
- 2) Дүмпулер кезінде лифтпен және баспалдақты қолданбаңыз;
- 3) Жиһаздан, терезеден, люстрадан ары тұрыңыз;
- 4) Басыңызды қолмен жабыңыз, жасырынатын жер табыңыз;
- 5) Дүмпулер тоқтағаннан кейін үй-жайдан кетіңіз;
- 6) Кетер алдында суды, газды, электр қуатын өшіріңіз;
- 7) Төтенше жағдайларға арналған

шабаданды алыңыз;

- 8) Электр желілерінен, ғимараттардан, ағаштардан аулақ тұрыңыз;
- 9) Қайталанған дүмпулерге дайын болыңыз;
- 10) Балаларға, қарттарға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсетіңіз.

Су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік шаралары:

- 1) Радио, теледидар және интернеттегі ақпаратты қадағалаңыз;
- 2) Газды, суды және электр қуатын өшіріңіз;
- 3) Құжаттарды су өткізбейтін пакеттерге ораңыз;
- 4) Ақша, киім, тамақ және дәрі-дәрмектерді дайындаңыз;
- 5) Құнды заттар мен жиһаздарды жоғарғы қабаттарға немесе шатырға апарыңыз;
- 6) Жануарларды айдау орындарын анықтаңыз.

Егер су басу орын алса:

- 1) Өзіңізбен бірге азық-түлік, су, дәрі қорабын және қажетті заттарды алыңыз;
- 2) Су басу аймағынан шығыңыз;
- 3) Эвакуациялану үшін жиналу орнына барыңыз;
- 4) Мүмкіндік болса суда қалған адамдарға жедел түрде көмек беріңіз;
- 5) Мүмкіндігінше жануарларды қауіпсіз орындарға айдаңыз (байлаулы тұрғандарды босатыңыз).

**А.Якиев,
Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай тобының жетекшісі**

АЗБУКА БЕЗОПАСНОСТИ



Группа работников АО «Мангистаумунайгаз» успешно прошла обучение в Департаменте по чрезвычайным ситуациям Мангистауской области на тему: «Командиры формирования».

Подготовка работников организаций и обучение населения способам защиты и действиям в случаях возникновения чрезвычайных ситуаций является одной из важнейших задач Государственной системы гражданской защиты Республики Казахстан.

В ходе обучения специалисты ДЧС рассказали слушателям о необходимых действиях при возникновении чрезвычайных ситуаций, природных или техногенных катастроф, о правилах ведения аварийно-спасательных и неотложных работ, об основных приемах и способах самоспасения и взаимопомощи и много другом.

По итогам обучения и после сдачи итогового тестирования, руководство ДЧС вручило участникам сертификаты об успешном окончании курса.

Повышение уровня обучения и подготовки руководителей и работников в области гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций является важным шагом к обеспечению безопасности общества в целом. Регулярное обновление знаний помогает эффективно реагировать на различные ситуации и способствовать общей безопасности.



**ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ТЕЛЕФОНЫ**

112

101



ҚАЛАМҚАСТА ЕҢБЕГІМ ЖАНДЫ



1993 жылы, отбасылық жағдайыма байланысты, арызымды жазып Жетібай кенорнынан Қаламқасқа 5-ші дәрежелі электр-газбен дәнекерлеуші болып ауысқан болатынмын. Ол уақытта «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының («Жетібаймұнайгаз» ӨБ бұрын солай аталатын) бастығы Ләззат Кетебайұлы Қиынов болды. Сол кезде мен барған Пайдалану жабдығын прокаттау-жөндеу цехы мұнай өнеркәсібіндегі коллекторлардың жарылуын жою және мұнай жабдықтарын жөндеу, мұнай құбырларын жылытуға арналған пештерді жөндеу және бес мың, он мың кубтық резервуар ыдыстарын жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Бастапқы кезде мұнай резервуар ыдыстарын жөндеу жұмыстарын мердігер мекемелер жасайтын. Алайда олардың істеген жұмыстарының сапасы төмен болғасын көптеген мәселелер туындайтын еді.

Бір күні, үлкен өндірістік жиында, Ләззат Кетебайұлы резервуар ыдыстарын жөндеуді өз жұмысшыларымыздың атқаруы жөнінде ұсыныс

Шіркін-ай, қанша жылдар өтсе де еңбек етіп жүрген кезден есте қалған күндерің көз алдыңа келе береді екен. Жаратқанның қалауымен «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінде ұзақ жылдар тер төгіп еңбек етіп, бүгінде сол еңбектің зейнетін көріп жатқан жандардың бірімін. Қаламқас кен орнының құрылғанына биыл 45 жыл болып қалған екен. Осыған орай көпшілікпен өз естелігіммен бөлісейін деген ой келді.

жасады. Біздің цехқа «Ал, жігіттер, резервуарлардың жағдайының қандай екені өздеріңізге белгілі. Мердігерлердің жұмысына көңіліміз толмай жүр, осы жұмысты өз күшімізбен жасасақ қалай болар екен? Қолымыздан келеді ме?» - деп сұрады. Жағдайды жақсы білетінбіз, сондықтан бірауыздан «Әрине, жасаймыз!» - деп келісе кеттік.

Осыдан кейін, көп кешікпей, Қаламқаста Апаттық қалпына келтіру бригадасы құрылды. Бұл бригаданың негізгі міндеті мұнай құбыры зақымданғанда тез арада құбырды жөндеп жұмысқа қосу, мұнай жылыту пештерін тұрған жерінде корпусын шығарып алып, ішіндегі ирек құбырды ауыстыру еді. Айта кету керек, бұл үлкен де күрделі жұмыс болатын, пешті жөндеу жұмыстарын атқару үшін қаладан 50 тонналық кран шақыртылатын едік.

Сөйтіп бес мың, он мың кубтық резервуар ыдыстарын жөндеу жұмыстарын да бастап кеттік.

Сол 1993 жылы ең бірінші рет бес мың кубтық РВС №1 резервуар ыдысын күрделі жөндеуден өткіздік. Резервуарды өзіміз ашатынбыз және ішіндегі шламнан, қалдықтардан да өзіміз тазартатынбыз. Жұмыс ол кезде негізінен қара күшпен атқарылатын еді, тереңдігі 1 метр – 1,5 метр шламдарды, қалдық мұнайды резервуар ыдыстан тәшкемен шығарып жүрдік.

Резервуар өзінің конструкциясында бірнеше белдіктерден тұрады, ірілерінде белдіктер саны оннан асады. Осы белдіктердің ең төменгі бірінші, екінші белдіктерін және резервуардың еденін демонждап толықтай ауыстырдық.

Апаттық қалпына келтіру бригадасының жұмысы жоғары сапалы болды,



өндірістің тиімділігін арттырды. Жалын-даған жас кезіміз ғой, шіркін!

Бригадамыз құрылған кезде бригадиріміз Дмитрий Владимирович Пичкасов ал екінші ауысымның бригадирі Владимир Павлович Твердохлебов деген біліктіліктері мықты, тәжірибелі газбен кесушілер болды. Кейіннен бірінші ауысымда Пичкасовтың орнына бригадир өзім болдым.

Ол кезде Қаламқаста жұмысшыларға бүгінгідей жағдай болмайтын. Кейінгі буын мұнайшыларға қарап қызығамын. Қаламқастағы ауысым қалашығында тиімді жұмыс жасап, демалу үшін керемет жағдайлар жасалған ғой бүгінде. Мұнайшылардың жатақханалары, жататын орындары, асханалары, спорт кешені, басқа да ғимараттар әсемдігімен көздің жауын алады! Жұмысшылардың жұмыс жағдайлары да едәуір жақсарыпты, көптеген, бұрын қара күшпен атқарылатын жұмыстар, бүгінде техниканың көмегімен жасалуда.

Осы естелігімді жазуға себепші болған «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының 45 жылдығы екенін жоғарыда айтқанмын. Мүмкіндікті пайдалана отырып, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Еңбек ардагерлері қоғамдық бірлестігінің атынан және өз атыман «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы басшылары мен еңбек ұжымын және, ерекше, Қаламқас мұнайшыларын 45 жылдық мерейлі мерекесімен шын жүрегіммен құттықтаймын!

Еліміз бен қасиетті өңіріміздің дамуына өзінің қомақты үлесін қосып отырған Қаламқас кен орнының даңқы арта берсін! Жаңа еңбек биіктерінен көріне берулеріңізге тілектеспін, қадірлі мұнайшылар! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Т. Ахметов
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Еңбек ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы

ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕ САХНАЛАНДЫ

Киелі мекеніміз, 360 әулиелі Маңғыстауымыз тарихы терең, шежіресі бай өлке ғой, шірікін! Сан ғасырлар ағымында өткен уақиғалар мен түбек топырағында дүниеге келіп, өмірі жарқын жұлдыздай жарқырап өткен, аты келер ұрпаққа аңыз болып қалған тұлғалар қаншама дейсің! Солардың бірі ұлтымыздың қаһарман қызы Қаламқас батыр апамыз.

18-19 мамыр күндері Түркістан қаласында Түркістан музыкалық драма театры Маңғыстаудың тумасы, ақын-драматург Оңайгүл Тұржанның "Қаламқас" пьесасын сахналады.

Қойылымның басты кейіпкері 18-ғасырда өмір сүрген қазақтың батыр қызы - Қаламқас Еселбайқызы. Сондай-ақ, спектакльде қазіргі таңда қызу талқыға түскен киік аулау мәселесі де қамтылған. Өйткені қазақ халқы қашан да киіктерді өзіне жақын тұтып, аялап, киелі жануар деп санайды.

Спектакльдің қоюшы-режиссері, белгілі хореограф, өнертанушы Мәскеулік Константин Семенов бұл қойылымға драма, поэтика,

музыка, анимация, пластика бір-бірімен үйлесім тауып, заманауи техниканың барлық мүмкіндігін пайдаланған. Спектакль кейіпкерлерін толығымен Түркістан музыкалық драма театрының актерлері мен балет әртістері ойнаған. Спектакльдегі Қаламқас жаугершілік жылдары ер азаматтардың орнын жоқтатпай, жұртына жау тигенде ауылдағы қыздарды өзі бастап, шайқасып, батырлығымен көзге түседі. Аштықта ауыл-аймақты киік аулап асырап аман алып қалады. Кезекті бір киік құған аласапыран кезде қапыда Қаламқастың өзі де құздан ұшып мерт болады.

Батыр қыз ғұмыр кешкен сол далада қызыл көйлекті қыз елесі аңшылардың алдын кес-



кестеп, киіктерді қорғаштап жүреді деген аңыз бар. Бәлкім, бұл Қаламқас апаның рухы шығар? Қойылым осы оқиғаға негізделген. Қазақ секілді сайын даланы еркін мекендеп, судың тұнығын ішіп, көшіп-қонып жүретін киіктерге садақ кезену Қаламқасқа оңай тимейді. Қойылымдағы "Киіктер биі"

арқылы дала жануары адамзатқа тіл қатқандай әсерге бөледі.

Қаламқас кен орнының 45 жылдығына тұспа-тұс келген бұл қойылымның премьерасына "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ-ның бастығы Мақсат Көмекулы бастаған қызметкерлер қатысты. Киелі сахнадан батыр

апамыздың ерлігін көріп, рухани әсер алған мұнайшылар өз ризашылықтарын білдірді. Қаламқас кен орны қызметкерлері атынан поэма авторы Оңайгүл Тұржан мен Түркістан музыкалық драма театры ұжымына "Galleria Oner" студиясы суретшілерінің мұнаймен салған туындылары табысталды.



ҮЗДІК МАМАН» – 2024: ҰЖЫМНЫҢ МАҚТАНЫШЫ!

24 мамырда «Үздік маман» - 2024 кәсіби шеберлік байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттаудың салтанатты рәсімі өтті.

Байқаудың екінші кезеңі 22-23 мамырда Қаламқас кен орнында ұйымдастырылды. Оған бұрын бірінші кезеңнің жеңімпаздары болған Қаламқас пен Жетібайдан келген жұмыскерлер қатысты: мұнай және газ өндіру операторлары, слесарь-жөндеушілер, қабат қысымын ұстау тұру операторлары, электр газбен дәнекерлеушілер, тауар операторлары, ұңғымаларды зерттеу операторлары және химиялық талдау лаборанттары.

СОНЫМЕН, «ҮЗДІК МАМАН» - 2024 БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ БОЛЫП КЕЛЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АТАНДЫ:



«Мұнай және газ өндіру операторы»
 1. Артур Қарасаев (ҚМГ ӨБ 3-МГӨЦ)
 2. Жақсылық Әділхан (ҚМГ ӨБ 3-МГӨЦ)
 3. Асқарбек Қушаханов (ЖМГ ӨБ 3-МГӨЦ)



«Тауар операторы»
 1. Зәкәрия Адай (ЖМГ ӨБ МДжАЦ)
 2. Нұрлан Әлібаев (ЖМГ ӨБ МДжАЦ)
 3. Қуантай Қожанепесов (ҚМГ ӨБ КМДжАЦ)



Қабаттық қысымды ұстау жөніндегі оператор»
 1. Аманкелді Жақып (ЖМГ ӨБ ҚҚҰЦ)
 2. Бақытжан Демегенов (ЖМГ ӨБ ҚҚҰЦ)
 3. Еркін Қалымов (ҚМГ ӨБ ҚҚҰЦ)



«Ұңғымаларды зерттеу операторы»
 1. Арман Базарбаев (ҚМГ ӨБ ФЗжӨЖЦ)
 2. Жомарт Мақсатулы (ҚМГ ӨБ ФЗжӨЖЦ)
 3. Мұхамбет Нұрсәбеков (ЖМГ ӨБ ФЗжӨЖЦ)



«Слесарь-жөндеуші»
 1. Бақтыбай Нағибаев (ҚМГ ӨБ 1-МГӨЦ)
 2. Мәжит Арманд (ҚМГ ӨБ МЖӨҚҚЦ)
 3. Ерәділ Нөкерев (ЖМГ ӨБ ГТДжГШПЦ)



«Химиялық талдау лаборанты»
 1. Жолдас Әділов (ҚМГ ӨБ ФЗжӨЖЦ)
 2. Айгерім Рахметова (ЖМГ ӨБ ФЗжӨЖЦ)
 3. Әлия Жұмабаева (ҚМГ ӨБ ФЗжӨЖЦ)



«Электр-газбен дәнекерлеуші»
 1. Әнуәрбек Балғазиев (ЖМГ ӨБ ПЖПЖЦ)
 2. Руслан Өтеев (ЖМГ ӨБ 2-МГӨЦ)
 3. Асылбек Жарманов (ҚМГ ӨБ ПЖПЖЦ)



Қоғам басшылығы мен кәсіподақ комитеті конкурса қатысушыларды жеңістерімен құттықтап, жаңа биіктерді бағындыруларын тіледі, сондай-ақ жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтарды табыстады. Төртінші орын алған қатысушылар да назардан тыс қалмады, олар Қоғамның кәсіподақ комитеті атынан көтермелеу сыйлықтарымен марапатталды. Сонымен қатар, комиссия мүшелеріне, сондай-ақ іс-шараны ұйымдастыруға және өткізуге атсалысқан жұмыскерлерге бағалы сыйлықтар табысталды.

Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері жалақыға айтарлықтай жылдық үстеме алғанын атап өту керек. Сонымен қатар бірінші орын алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмыскерлері енді ағымдағы жылдың күзінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының жұмыскерлері арасында өткізілетін «Үздік маман» кәсіби конкурсына қатысуға жолдама алды. Өз тарапымыздан жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шын жүректен құттықтай отырып, еңбектеріне толағай табыс тілейміз!

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

МАМАНДЫҒЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Қай мамандықтың да өзінің шынайы берілген, тапсырылған істі ынтасымен атқаратын «өз адамы» болады. Өз мамандығын соншалықты сүйіп атқаратын ондай адамды «осы мамандық үшін туған» деп қаласың. Мамандығын жетік меңгерген адамның орны бөлек қой, шіркін! Олар өз саласының тынысын терең сезініп, сол саланы алға бастыруға жұмыс істейді. Сондай мамандығына ғашық адамдардың бірі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қарасты Қаламқас кенішіндегі құрылыс-жөндеу цехының құрылысшысы Қайыр Шамшадинұлы Шамығұлов десек қателеспейміз.



Біз сөз еткелі отырған кейіпкеріміз Қайыр Шамығұловтың аталған цехта абыройлы қызмет атқарғанына биыл 30 жылға жуықтады. Құрылысшы - адамзат жаратылғаннан бері бар кәсіп. Қайыр Шамығұлов 1961 жылы Жыңғылды ауылында дүниеге келді. 1978 жылы орта мектепті тәмамдап, құрылыс саласына жұмысқа тұрады. Осы жерде жас жігіттің таланты ашылып, құрылыстың жақсы маманы ретінде жарқырай танылды. Аз уақытта өзінің іскерлігімен көзге түскен Қайыр Шамығұлов 1994 жылы Қаламқас кенішіне құрылысшы болып қызметке тұрып, күні бүгінге дейін абыроймен қызмет етіп зейнеткерлікке шығып отыр. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын айғақтайтын межелердің бірі құрылыс саласы десек, осы салада еңбек етіп келе жатқан Қайыр ағамыздың мекемеміздің дамуына қосқан өзіндік үлесі бар. Оның салған құрылыс нысанының, атқарған істерінің сапасы өзіндей әріптестеріне үлгі болып

келеді. Қайыр ағамыздың қарауында жұмыс істейтін әріптестері оның есімін ризашылықпен атап, өздерінің оны сыйлайтындықтарын сездіріп отырады. Бұл да азаматтың абыройының асқақтығын көрсетсе керек.

Жақсы маман, отбасында қамқор әке ретінде белгілі Қайыр ағамыздың бойынан өзгелер үлгі тұтардай өзінің орнын білер парасаттылық байқалады. Біліп-танитындар, көз көрген сыралғы жолдас-жора Қайырды байырғы құрылысшылардың қатарына жатқызады. Қаламқастың бойындағы өндірістік нысандардың қай-қайсысында да оның қолының таңбасы жатыр.

– Әскерден келе сала қайнаған еңбектің қызу ортасына түстім. Ол кезде 20-дан енді асқан бозбала жігітпін. Құрылысшы деген нағыз қажет мамандықтардың бірі болды. Құрылысшы жұмысында физика, нақты көз мөлшері, нақты кеңістікті елестету, қауіпсіздік техникасын білу, күш, ептілік, төзімділік, командалық жұмыс жасауды білу қажет, – дейді кейіпкеріміз өз мамандығы туралы мақтанышпен. Өзі еңбек ететін цех бригадалық құрамда жұмыс жасайтын болғандықтан, бізбен әңгімесінде ол ұжым мүшелерінің өз міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайтындығын, береке-бірлігін де айтып марқайды.

Бала кезден өз ісіне ұқыптылықпен қарап, қажыр-қайратын тәжірибемен ұштастыра білген азамат ұжымында абыройлы. «Маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды» деген даналық бар. Ер дәулеті – еңбек, – деп, елі үшін тер төгіп, несібесін құрылысшы деген сүйікті кәсібінен айырып, отбасының тіреуі абзал әке, ұжымына қадірлі әріптес Қайыр Шамшадинұлына біз де сәттілік тіледік! Өндірісте өз орнын тапқан кейіпкеріміз – бүгінде жұбайы Әлиямен 4 бала тәрбиелеп, құтты жеріне қондырып отырған бақытты шаңырақ иесі.

Қайыр Шамығұлов Сізді зейнетке шығуыңызбен құттықтаймыз! Жан жадыратар қуаныштың мол болуын, отбасы бақыты мен берекесі сарқылмауын, денсаулықтың мұқалмауын тілейміз!

ҚҰРЫЛЫС – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Құрылысшының қолтаңбасы – сол қоғамның өмірінен сыр шертетін ерекше дереккөз. Құрылысшы мамандығында өнер мен білім, талант пен талғам тоғысады. Сондықтан бұл бүкіл әлемдегі жасампаз, құрметті де абыройлы кәсіп.

Құрылысшылар білікті, іскер және қабілетті мамандар ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосуда. Сондықтан құрылысшылар қашанда құрметке лайық. Әлемде сан мыңдаған мамандық бар. Солардың ішінде құрылысшы - еліміздегі ең маңызды мамандықтармен бір сатыда тұратын маңызды мамандықтардың бірі болып табылады.



Болатқазы Темірханов Қабенұлы 1961 жылы Семей облысы, Жарма ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 1977 жылы бастаған Болатқазы аға Темір жол саласында қызмет атқарады. 1995 жылы құрылысқа араласып, тас қалаушы мамандығын игерді. 2006 жылы Қаламқас кенішіне құрылыс-жөндеу цехына жұмысқа тұрып, күні бүгінге дейін абыроймен жұмыс жасап зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты құрметті демалысқа шығатын күні де жақын.

- Аға буын мамандардан үлкен тәжірибе жидық, ізімізден ерген жастарға сол білгенімізді, жиғанымызды үйретуге тырысып жүрміз. Ең маңызды нәрсе - ұжым болып бірлесе жұмыс істеу. Әр қызметкердің орны ерекше, ұжым ауызбірлігінің арқасында жұмысымызды ақсатпай, жоспарды ойдағыдай орындап, алға қадам басып келеміз. Ізгілік дегеніміз – өзіңе және үрім-бұтағыңа игілік болып даритын адал еңбек – дейді кейіпкеріміз.

Ел мен жердің, отбасы игілігі үшін Маңғыстаудың ала топырақ дауылы мен шекеңді шағатын ыстығына дес бермей адал қызмет істеп жүрген еңбек қаһармандарын қалай мадақтасақ та жарасады.

Болатқазы Темірхановтың өз ұжымында абырой-беделі, алар орны елеулі. Азаматтың бағы әп-сәтте... Маңдай тер, адал еңбектің шыңға шығаратынын осыдан көр!

Әлқисса... «Тәртіпке бас иген - құл болмайды» деген тәмсілді құп көретін жайсаң мінезді жақсы ағаның, Алла жазса, зейнеткерлікке шыққасын көретін қызықтары көп болсын деп тілейміз!



Еңбегімен еленген бүгінгі кейіпкеріміз «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының жүйесінде 28 жылдан бері жұмыс істейді. Қазіргі таңда мекемедегі түрлі мамандықтарды еңсерген «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының №3

ЕҢБЕК МАЙТАЛМАНЫ КӨРПЕШ

Мұнай және газ өндіру цехының 3-дәрежелі операторы Көрпеш Ерниязова, бүгінде қай іске болса да икемді әрі тиянақты. Жетібай кен орнының ойшұңқырын білетіндігі сол, басшылық тапсырған жұмыстарды белсенді түрде атқарып, өндірістің өнімділігін арттыруға өзіндік үлесін қосып жүр. «Жақсыны көріп жан семіреді» деген халық нақылы бекер еместігінің бір дәлелі – Көрпешті ұжымдастары үлгі тұтады. Жанында жүргеннің бәрін туысындай көретін ізгі ниетті жанның жалынды жастарға да үйретері көп, берер тағылымы мол.

- Ұжымда бір нанды бөліп жейміз. Сыйлас-тығымыз жарасып, бір үйдің адамдарындай болып кеттік. Бригада ішінде алауыздық жоқ, адамгершілік бар жерде шешілмейтін түйін жоқ, – дейді ол.

«Ердің атын еңбек шығарады» деген сөз рас-ақ. Мұнай саласында ұзақ жылдар бойы еселі еңбек етіп, ел экономикасының дамуына тамшыдай болса да серпін беріп жүрген Көрпеш апай еңбексүйгіштігі мен іске деген қарым-қабілетінің арқасында елеулі нәтижеге жетіп, озаттар қатарынан көрініп келеді. Мамандығының қыр-сырын бірден меңгеріп, ұзақ жылғы тынымсыз еңбегінің жемісі ретінде Компания тарапынан бірнеше мәрте марапаттар да алған.

- Ер азаматтың жұмысы екен деп бөлмеймін. Топтық қондырғының жұмысын, ұңғымаларды жайластыруды, тығыздағыш соғуды да игердім.

Жұмысыңды асқан қызығушылықпен, ыждағаттылықпен жасасаң бәрі де оңай болып кетеді, - дейді жұмыскер Көрпеш.

Бала өсіріп, немере сүйіп отырған Көрпеш апай бұл күндері құт қонып, береке ұялаған түзу түгінді шаңырақтың ақылшы отанасы. Өмірлік серігі Жұлдызбаймен бірге қырық жыл отасып, үш ұл мен бір қызды, олардан өнген немере-жиендерді тәрбиелеп отырған аяулы жан. Отбасы құндылықтарын, ұлттық салт-сананы дәріптеп, үнемі балаларының құлағына құйып отыратындығын айтқан Көрпеш апай өнерден де кенде емес екен. Алқалы жиындарда ауылдың алты ауызы ретінде ән-жырдан шашу шашып, көпшіліктің көңілінен де шығып жүрген көрінеді.

Шуақты өмірін өндіріспен байланыстыратын Көрпеш Райымбердіқызының құрметті демалысқа шығатын уақыты алыс емес. Жетібай кен орнында «Мұнайым» әйелдер энергетикалық клубының ұйымдастыруымен өткен кездесулерде үнемі белсенділік танытып, апалық ақылын ортаға салып отырады. Білікті маман, ізгі ниетті жан Көрпешке біз де өз тарапымыздан адамдық келбетіңіз аласармай, көрген бейнетіңіздің зейнетін көріңіз демекпіз.



Айсұлу Мұханова
ӘҚД аудармашысы

Ұжымның сапа саласындағы тарихи жетістік

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС «Мұнай және газ өнеркәсібіндегі қызмет жеткізуші ұйымдарға арналған сапа менеджменті жүйесінің талаптары, API Q2 (2nd Edition)» спецификациясына сәйкестігін дәлелдеген Қазақстан Республикасындағы алғашқы компания, ал дүниежүзі бойынша 205-ші болып тіркелді.



Бұл жетістік «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының 2022-2031 жылдар аралығына арналған Даму стратегиясының бекітілуінен басталған болатын. Ұлттық компания, өз тарапынан, қоғамдық қажеттіліктерді ескере отырып, мұнай өнімдерімен қатар сервистік бағытты жақсарту саясатын ұстанып, стратегияда API Q1 және Q2 спецификацияларын мұнай-газ саласындағы еншілес, тәуелді компанияларына енгізуді көздеді. Бұл жерде API Q1 спецификациясы мұнай-газ саласында өндіруші мекемелерге қолданылатын сапа менеджментінің құралы.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы бекіткен нөмірі 9-шы стратегиялық бастамаға жету жолында, Маңғыстауэнергомұнай мекемесі, 2022 жылғы 29 қарашада Америкалық мұнай институтымен келісім-шарт жасақтады.

Осының негізінде, 2023 жылы, API тарапынан екі кезеңнен тұратын сертификациялық аудит тағайындалып өткізілген болатын. Бірінші кезеңі шілде айында, ал келесі кезеңі 27 қараша мен 01 желтоқсан күндері аралығында өтті.

Оған дейін, Маңғыстауэнергомұнай мекемесі өз күшімен, 2022-23 жылдар аралығында мекеменің менеджмент жүйесіне API Spec Q2 талаптарын интеграциялау жұмыстарын жүргізіп, ішкі аудит өткізді.

Соның нәтижесінде: өндірістік процестерге қатысты 24 ұсыныс шығарып, сапа талаптарына сәйкес келмейтін 35 жағдайды анықтап, жедел түрде жүйелі өзгерістер енгізу шараларын жүргізе білді. Интеграциялау жұмысы барысында Сапа саласындағы саясаттан бастап, 20-дан астам ішкі нормативтік құжаттар қайта қаралып, 40-тан астам жаңа ішкі нормативтік

құжаттар бекітілді. Біраз мәселе шешімін тапты...

Сапалы нәтижеге жету жолында бірігіп қызмет атқарудың арқасында сертификациялық аудит сәтті өтті. Халықаралық дәрежедегі аудиторлар мекемемізге өте жоғары баға беріп, өздерінің 12 жылдық тәжірибесінде алғашқы аудитте біздің мекеме көрсеткендей жақсы нәтижеге жеткен компанияның өте аз болғанын атап айтты. Сертификациялау процесінің шешуші кезеңінде, 2024 жылғы 30 сәуірде, сертификатқа қол жеткіздік. Сөйтіп, Маңғыстауэнергомұнай мекемесі, Ұлттық компанияның стратегиялық бастамасына жетуіне өз үлесін қосты.

Бұл спецификация талаптарын жүйеге интеграциялау арқылы Маңғыстауэнергомұнай мекемесі бірқатар артықшылықтарға ие болды, мәселен:

- әр қызмет түріне, жеке «Қызмет көрсету сапасының жоспары жасақталды» – бұның нәтижесінде мекеменің тұрақты түрде сапалы қызмет көрсетуін күтуге болады, өйткені қызмет сапасын қамтамасыз етудің барлық аспектілері реттелген, сапа тиімді басқарылады;

- қызмет көрсету кезеңдеріне сәйкес әртүрлі бағалау шаралары жүріп тұрады; нәтижелері талдаудан өтіп, тиісті жүйелі өзгерістердің енгізілуі қамтамасыз етіледі;

- қызмет көрсетудің қай кезеңінде болмасын, жобалау, тауар жеткізуші мердігерді таңдау, қызмет көрсетуге қажетті тауарды қабылдау, қабылданған тауардың жағдайын мерзімді түрде бақылау, техника мен құрал-жабдықтардың қауіпсіз болуын,

қойылған тапсырмаға сай болуын алдын-ала тексеруге ерекше назар аударылады. Осындай жұмыстардың барысында көрсетілетін қызметтің қауіпсіз, әрі нәтижелі болуы үшін оған әсер етуі мүмкін тәуекелдерді басқарудың мейлінше мамандандырылған тәсілі енгізілді.

Осының барлығының қосындысы мекеменің әлеуметтік тұрақтылығын, экологиялық зардаптардың алдын-алуын, өндірістік процестердің оңтайландырылуын, экономикалық көрсеткіштердің жақсаруын қамтамасыз етіп қоймай, оның үздіксіз, ауытқусыз қызметінің кепілі болады.

«Маңғыстауэнергомұнайгаз» компаниясы көптеген жылдар бойы энегетикалық нысандарының құрылысы, қызмет көрсету-жөндеу жұмыстарын «Маңғыстауэнергомұнай» компаниясына сеніп тапсырып келеді. Тапсырыс берушінің тарапынан қойылған жоғары талаптар – үнемі жетілуге және жаңа биіктерге жетуге ынталандырушы болды.

Жалпы алғанда API Q2 жүйесіндегі көзделген мақсат – Тапсырыс берушінің талаптарын толықтай қанағаттандыру.

Қазіргі таңда, Маңғыстауэнергомұнай мекемесі 5 халықаралық стандартқа сәйкес қызмет атқарады:

- API Q2 (2nd Edition) – Мұнай және газ өнеркәсібіндегі қызмет жеткізуші ұйымдарға арналған сапа менеджменті;
- ISO 9001 – сапа менеджменті;
- ISO 14001 – экологиялық менеджмент;

- ISO 45001 – денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті және ISO 50001 – энергоменеджмент.

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Нұрсейіт Жомартұлы Союнов мамыр айының 20 күні «Маңғыстауэнергомұнай» мекемесіне API Spec Q2 (2nd Edition) сәйкестік сертификатын ресми түрде табыстады.

Мұнайлы өлкеде ұйымдастырылған мерейлі іс-шараға арнайы шақырылған қонақтар қатарында «ҚазМұнайГаз», «Өзенмұнайгаз», «Маңғыстауэнергомұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» және «ҚазМұнайГаз» қарасты еншілес және тәуелді ұйымдардың басшылары болды.

Салтанатты шара арнайы бағдарламамен өткізілді: алғы сөзді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Нұрсейіт Жомартұлы алып, «Маңғыстауэнергомұнай» басшысы Нұрдәулет Рахымұлына «API Q2» сертификатын ресми түрде табыстады және ол басқарып отырған ұжымды жеңісімен құттықтап, осы жобадағы елеулі еңбегі мен кәсіби шеберліктері үшін бірқатар қызметкерлерді арнайы Алғыс хаттарымен марапаттады.

«Маңғыстауэнергомұнайгаз» АҚ Бас директоры Мұрат Кеңесбайұлы Мұстафаев мұнай-сервистік кәсіпорындарының жұмыс сапасына талаптардың күшеюіне байланысты жоғары біліктілікке ұмтылуды тоқтатпай, әрі қарай дами түсуге тілегін білдіріп, алдағы мақсаттың әрдайым сапа деңгейіне сәйкестікті ұстап қалуға бағытталу қажеттігін атап айтты.



Әкем, анам және мен – біз спорттық жанұя!



ЖАС
МАМАҢДАР КЕҢЕСІ
«МАҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ



30 мамырда Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі «Әкем, анам және мен – біз спорттық жанұя!» атты спорттық ойын-сауық іс-шарасын ұйымдастырды.

«Батыр» спорт кешенінде өткен жарысқа мұнайшылардан тоғыз отбасы қатысты. Шара барысында командалар эстафеталық жарыс, жіппен секіру, баскетбол добымен жылдам жүгіру және т.б. қызықты жарыстарға қатысып, сайыстың ережелерін бұлжытпай орындауға тырысты.

Спорт мерекесінің қорытындысы бойынша Сүйембаевтар отбасы бірінші орынға ие болды, екінші орынды Қамбаевтар отбасы, үздік үштікті

Құлшабаевтар отбасы еншіледі. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер спорттық велосипедтермен марапатталды. Қатысушылардың ешқайсысы бұл тамаша күні сыйлықсыз қалмады, барлық қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Мереке өте сәтті және көңілді өтті. Ата-аналардың көңілді жүгіріп, секіргенін, жеңістерге балаша қуанғанын көрсеңіздер ғой, шіркін! Жанкүйерлер отбасылық командалардың жеңіске деген ұмтылыстарын көріп мәз болып жатты. Бұл керемет мереке, қызықты сайысқа қатысқан, балалар мен ата-аналардың есінде көпке дейін қалары сөзсіз.



ЖАС ДАРЫН

«Музыка ұлтқа бөлінбейді» дейміз. Иә, біз кез келген елдің музыкасына құдды бір ана тілімізде тындап отырғандай құмарта құлақ тосамыз. Ондағы тылсам күш жүрек түкпіріне терең бойлап, саз сиқырына қалай арбалып қалғаныңды сезбей қаласың. Музыка жан-дүниемізді өзге бір әлемге жетелеп, сезім пернелерін дәл басады. Әсем әуен ой-қиялымызға қанат бітіріп, көңіл сарайына нұрын төгеді.

Осы әншілік өнерге байланысты айтар жақсы жаңалығымыз бар! «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ҒЗЖӨЖЦ-ның геологы Нұрболғанов Бақтығали Айтбайұлының ұлы Нұрғали Айтбай Ташкентте өткен музыкалық байқауда бірінші орынға ие болды! Өзбек астанасында "Шығыс раушаны" атты балалар мен жастар шығармашылығының Фестиваль байқауы 2-6 мамырда өтті. Байқаудың басты мақсаты шығармашылыққа қызығушылық танытқан дарынды жастарды анықтау және қолдау болды.

Бұл халықаралық дәрежедегі фестивалге әлем елдерінен жүздеген


талантты балалар жиналды. Байқауға әр түрлі эстрадалық жанрдағы ұжымдар мен солистер, фольклорлық топтар, вокалдық студиялар, сән театрлары, хореографиялық ұжымдар, аспаптық ансамбльдер қатысты. Қазақстаннан көптеген қатысушылар болды, олардың арасында 14 жасар Нұрғали Айтбай да болды. Дарынды жасөспірім қазылар алқасының көңілінен шығып «Вокал» номинациясы бойынша 1 орынға ие болды. Бұл жас әншінің бірінші жетістігі емес, 2024 жылы Беларусь астанасы Минск қаласында өткен «Лемари» талант диірмені атты вокалдық байқауында Нұрғали сәтті

өнер көрсетті, 2023 жылы Грузия елінде 2 орынға ие болса, ал 2021 жылы Ақтау қаласында өткен «Музыкалық саяхат» вокалдық байқауында 3 орын иегері атанды.

Нұрғалидың жыл өткен сайын табысы артып келеді. Әкесі Бақтығалидың да ән айтатыны бар екен. Жас талантың әкесі Бақтығали ұлының ән айтуды өз бетінше үйренгенін айтады.

- 3 жасынан бастап Нұрғали микрофонды қарындаш сияқты оңай ұстады, 6 жасынан вокалда ән айтуды үйренді. Мен оның әнші болатынын анық білдім, - дейді Бақтығали Айтбай.

Нұрғали Айтбай Ақтау қаласындағы 34-шағын ауданда орналасқан 19-мектеп лицейінде 8 «Д» сыныбында оқиды. Ол өте ізденімпаз, белсенді жасөспірім. Жас дарынымызға зор денсаулық пен толағай табыс тілей отырып, жаңа жеңістерге жете беруіне тілектестігімізді білдіреміз.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Ұ. Шадыбаева
Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500